



ҚР МКМ Салық полициясы Академиясына оқуға кандидаттарды іріктеу Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігі Салық полициясы комитеті 1999 жылғы 7 қыркүйек N 91 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 27 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 912. Күші жойылды - ҚР Қаржы полициясы Агенттігі төрағасының 2001 жылғы 6 маусымдағы N 81 бұйрығымен. ~V011681

ҚР МКМ Салық полициясы комитетінің Салық полициясы Академиясына кандидаттарды сапалы іріктеу және уақытылы қамтамасыз ету, қабылдау емтихандарын өткізу және кандидаттарды тыңдаушы қатарына қабылдау мақсатында бұйырамын:

1. ҚР МКМ Салық полициясы комитетінің Салық полициясы Академиясына оқуға кандидаттарды іріктеу Ережесі бекітілсін.
2. Осы Ереже талаптары ҚР Кеден комитеті органдарына таратылсын.
3. Салық полициясы Академиясы бастығына және Салық полициясы комитетінің территориялық бөлімшелер бастықтарына:
жеке құрамға бұйрықпен таныстыруды ұйымдастыру;
бекітілген Ережеге сәйкес Салық полициясы Академиясына оқуға кандидаттарды сапалы іріктеу және уақытылы қамтамасыз ету.
4. Бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Салық полициясы Академиясының бастығына (Қоғамов М.Ч.) жүктелсін.
5. Бұйрық ҚР Әділет Министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Мемлекеттік Кірістің
Бірінші вице-Министрі -
Салық полициясы комитетінің
төрағасы, Салық полициясы
генерал-майоры

Бекітілді
ҚР МКМ Спк-нің
бұйрығымен

ҚР МКМ СПК Салық полициясының Академиясына
оқуға кандидаттарды іріктеу
Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже ҚР МКМ СПК Салық полициясы Академиясына оқуға кандидаттарды іріктеу шартымен белгіленген, сондай-ақ Академияда және Салық полициясы Комитетінің территориялық бөлімшелерінде іріктеу жұмыстарын ұйымдастыру белгілі тәртіппен жүргізіледі.

2. Академия Салық полициясының бөлімшелері үшін мамандармен толықтыру мақсатында, жоғары білікті мамандармен ауыстыру барысында орта - басқарушы құрам кадрларын даярлайды.

3. Салық полициясы Академиясы және территориялық кадрлар аппараты оқуға кадрларды іріктеу жұмыстарын сапалы жүргізуде осы Ережені басшылыққа алады.

4. Салық полициясы бөлімшелерінен күндізгі оқу бөліміне түсуге келген кандидаттар барып-қайту жол ақысын өздері қызмет істейтін бөлімшелерден қайтарып алады.

5. Академияға оқуға түскісі келген кандидаттар емтихан кезінде казармалық жағдайда орналастырылады. Олар өз қаражаты есебінен солдаттық мөлшер бойынша тамақтанады және тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз етіледі.

6. Академиядағы толық оқу курсы әскери қызметін өтеумен теңестіріледі және оқыған уақыты Салық полициясы комитетінде қызмет өтеліне қосылады.

7. Салық полициясы Академиясына оқуға басқа мемлекеттің азаматтары қабылдануы мүмкін, сондай-ақ басқа министрліктердің жолдамалары бойынша ҚР азаматтары Қазақстан Республикасы МКМ-нің халықаралық және Үкімет аралық келісім негізінде контракт бойынша қабылданады.

2. Іріктеу шарты және оқуға жіберу

8. Салық полициясы Академиясына орта және орта арнаулы білімі бар, Салық полициясы комитеті қызметкерлерінің талап-тілектеріне сай келетін, әскери қызметке және оқуға денсаулығы жарамды ҚР азаматтары оқуға іріктелінеді.

9. Академияда оқу үшін Салық полициясы бөлімшелерінің кадр аппаратымен Кеден қызметі территориялық бөлімшелердің жетекшілерімен тығыз қарым-қатынаста болып, кандидаттарды іріктеумен оқып-үйренуді жүзеге асырады. Академияны бітірушілер Ережеге сай жолдамамен келген бөлімшелерінде ҚР МКМ СПК-нің келісімі мен әрі қарай қызметін өткереді.

10. Оқуға кандидаттарды іріктеу Салық полициясы комитетінің, Академияның және Салық полициясы бөлімшелерінің кадрлар аппараты жетекшілерінің төрағалығымен, Салық полициясы комитетіндегі СПК төрағасы орынбасарының төрағалығымен, жетекші кадр аппаратының іріктеуші комиссиялары арқылы жүргізіледі. Академиядағы іріктеу комиссиясының төрағасы - Академия бастығы.

11. Оқуға кандидаттарды іріктеудің негізгі принциптері:

бұқаралық - ақпарат құралдары бойынша жастар арасында үгіт насихат жұмыстарын жүргізу;

оқуға кандидаттарды іріктеу кезінде жоғары оқу орындары және қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу;

кандидаттарды іріктеуде олардың моральдық, жеке тұлғалық, рухани және бітім тұлғасын толық және жан-жақты зерттеу.

12. Салық полициясы бөлімшелерінің қатардағы және басқарушы құрам ішінен Академияға оқуға түскісі келетіндер, қызмет өткеру орнына байланысты территориялық бөлімшелердің бастығына немесе Академия бастығына рапорт береді. Азаматтық тұлғалар тұрғылықты жері бойынша Салық полициясы бөлімшелерінің кадр аппаратына арыз береді.

13. Салық полициясы комитеті территориялық бөлімшелерінің жетекшілері әрбір кандидаттардың рапортын немесе арызын (өтінішін) қарай, олармен сұхбат жүргізеді және қабылдау шартымен сәйкес келген жағдайда кандидаттарды құжат дайындау үшін кадрлар аппаратына жіберіледі. Кадрлар аппараты 1997 жылғы 4-інші желтоқсандағы "Салық полициясы органдарында қызметін өтеу туралы Ережеге" сәйкес оқуға түскісі келетін кандидаттарды дәрігерлік тексеріске жібереді.

14. Кандидаттарды іріктеу процесі, олардың іскерлігіне, жеке тұлғалығына, моральдық және дене бітіміне байланысты ерекшеленеді.

Бұндай қасиеттер болмаған жағдайда оларды оқып-үйрену жұмысы тоқтатылады.

15. Әрбір кандидаттарды оқып-үйрену жұмысы аяқталған соң, олардың жеке іс-құжаттары оқуға жіберу немесе жібермеу туралы соңғы шешім үшін іріктеуші комиссияның қарауына жіберіледі. Іріктеуші комиссия отырысының қорытындысы хаттама арқылы толтырылып, хаттама комиссия төрағасымен бекітіледі және хатшының қолымен расталынады. Хаттаманың көшірмесі әрбір

кандидаттың жеке ісіне хатталынады.

16. Кандидаттардың құжат материалдары оқуға түсу үшін Академияға жіберіледі. Академияның қабылдау комиссиясы өз отырысында әрбір кандидаттың құжаттарын қарап, қабылдау емтиханына жіберу туралы соңғы шешім ұсынады. Кандидаттарды емтиханға жіберу немесе жібермеу туралы шешім түсу емтиханына дейін он күн бұрын құжат жіберілген бөлімшелерге хабарланады.

17. Салық полициясы қызметкерлері ішінен оқуға түскісі келген кандидаттарға қабылдау емтиханы толық тапсыру үшін және барып қайту жолын ескеріп кезекті еңбек демалысы беріледі.

18. Академияға оқуға түсуге құқы бар Салық полициясы қызметкерлерінің кандидаттары оқуға түсу туралы соңғы шешім шыққанға шейін басқа бөлімшеге ауысуға, іштей басқа қызметке орналасуға және штаттық қысқару бойынша жұмысты қысқару бойынша жұмыстан шығуға тыйым салынады.

19. Бөлімшелер Академияға оқуға түскісі келетін кандидаттарды қабылдау емтихандарын тапсыру үшін Академия бастығының шақыруы бойынша жібереді.

20. Салық полициясы комитеті қызметкерлері қатарынан күндізгі оқу бөліміне оқуға түсетін кандидаттар қабылдау емтихандарын тапсыруға кетпес бұрын, өз қызметі бойынша белгіленген тәртіппен іс құжаттарын тапсырады бірақ оқуға түскенше өз қызметінен босатылмайды.

21. Салық полициясы комитеті қатардағы және басқарушы құрам тұлғалары ішінен күндізгі оқу бөліміне түсушілер қабылдау емтихандары аяқтағанша ақша қаражатымен қамтамасыз етіледі, ал қаржылық қызмет оларға ақшалай және аттестаттарын береді.

3. Оқуға түсетін кандидаттардың жеке іс-құжаттарын тіркеу

22. Салық полиция комитетінің белгіленген талабына сәйкес Академияның күндізгі оқу бөліміне түсетін кандидатқа жеке іс-құжаттары дайындалады. Кандидаттың жеке іс-құжаттарына мыналар тіркеледі:

оқуға жіберу туралы рапорт немесе өтініш, Салық полициясы комитеті қызметкері үшін оқуға жіберу туралы қорытынды-аттестация, соңғы оқу немесе жұмыс орнынан мінездеме, оқуға жіберу туралы қорытынды (қосымша N 1), Салық полициясы бөлімшесінің кадрлар аппараты растаған білімі туралы құжат көшірмесі, әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысымен берілген медициналық карта, 3 (үш) фотосуреті (бас киімсіз, 3x4 мөлшерлі, бұрыштамасыз).

23. Салық полициясы комитеті қызметкерлері ішінен сырттай оқу бөліміне іріктелген кандидаттарға оқу іс құжаттары дайындалып, оған мынадай құжаттар

кіреді: рапорт, кадрлар есебі бойынша жеке іс қағазы, оқуға жіберу туралы қорытынды аттестация, оқуға жіберу туралы қорытынды

(қосымша N 2) белгіленген үлгі бойынша дәрігерлік анықтама, Салық полициясы бөлімшелерінің кадрлар аппараты растаған білімі туралы құжат көшірмесі, үш фотосурет (бас киімсіз, жай киіммен, 3x4 мөлшерлі, бұрыштамасыз).

4. Оқуға іріктеу мен жіберудің ерекше шарттары

24. Жас мөлшері 28 жастан аспаған Салық полициясы комитетінің қатардағы және басқарушы құрам тұлғалары Академияның күндізгі оқу бөліміне жіберіледі.

25. Жас мөлшері 16 жасқа толған және 28 жастан аспаған азаматтық тұлғалар Салық полициясы Академиясының күндізгі оқу бөліміне іріктелінеді.

26. Академияның күндізгі оқу бөліміне түсуге келген әйел жынысты азаматшаларға Академия бастығы тарапынан тұрмыстық жағдай жасалынады.

27. Салық полициясында ең кемінде үш жыл қызмет істеген және жасы 35-тен аспаған, орта басқарушы құрам қызметіне ұсынылған Салық полициясы комитетінің қызметкерлері Академиясының сырттай оқу бөліміне қабылданады.

28. Заңгерлік емес жоғары білімі бар Салық полициясы комитетінің қызметкерлері сырттай оқу бөліміне түсу үшін Салық полициясында ең кемінде 1 (бір) жыл еңбек өтелі болуы керек және жасы 35-тен аспауы керек.

29. Аралас мамандық немесе біліктілігін арттыру мақсатында білім алу қажет болған жағдайда екінші жоғары білім алу үшін оқуға түсуге рұқсат етіледі.

30. Оқуға түсетін кандидаттардың жас мөлшері мен олардың қызмет өтелі оқуға қабылданған мерзімдегі уақытпен анықталады.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК